ШЫНДЫҚҚА АПАРАТЫН БІРДЕН-БІР ЖОЛ – ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

# сауи университеті

a.yassaui@mail.ru | университет студенттерінің үні | №04(484) 06 наурыз 2020 жыл

## БҮГІНГІ НӨМІРДЕ

### ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ ДӘРІС

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің студенттері мен магистрант, докторанттарына Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының иегері, академик Оразалы Сәбден Ұлы Абайдың 175 жылдығына орай «Абай ілімін іске асыру туралы ойлары» атты тақырыпта дәріс оқыды.

2 БЕТТЕ

### YASSAWI SMARTTECH IT ЖОБАЛАР БАЙҚАУЫ

Ақпан айының 28-29 аралығында Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде Кентау институты Инженерия факультетінің ұйымдастыруымен Облыстық ақпараттандыру, мемлекеттік қызмет көрсету және мұрағаттар басқармасымен бірлесіп «Қазақстанның жоғары оқу орындарының студенттері арасында бағдарламалық өнімдерді әзірлеу бойынша «Yassawi SmartTech» IT жобалар байқауы өтті.

3 БЕТТЕ

### АБАЙ ӘЛЕМІ - ТҰҢҒИЫҚ ӘЛЕМ

Ұлт мақтанышы халықтың ұлы перзенті Абай Құнанбайұлының туылғанына биыл 175 жыл толды. Абай Құнанбайұлы ғұлама, ойшыл, ақын, ағартушы ұлттық жазба әдебиетінің негізін қалаушы, аудармашы, композитор ретінде ел тарихында өшпес із қалдырған ұлы тұлға.

4 БЕТТЕ

### СТУДЕНТТЕРІМІЗ АРАЙ-2020 БАЙҚАУЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ

Түркістан қаласындағы Р.Сейтметов атындағы сазды-драма театрында «АРАЙ-2020» жас эстрада әншілері мен мәдени іс-шара жүргізушілері байқауы өтті.

25 жылдан бері дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан байқау Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерей тойына арналды.

8 БЕТТЕ



# 8 наурыз

## Халықаралық әйелдер күні!

Ардақты аналар, аяулы арулар, қымбатты қыздар! Сіздерді Халықаралық әйелдер күнімен құттықтаймын! Ана — қашанда тіршіліктің тірегі, бүкіл адамзаттың тәрбиешісі, жақсылықтың бастауы. Халқымыз әрқашан әйел затын қастерлеген, ырыс пен ынтымақтың алтын діңгегіне балаған. Көктемнің гүліндей құлпырып, әрқашан бақытты да баянды ғұмыр кешіңіздер! Бүгінгі мерейлі мереке қарсаңында денderіңізге саулық, отбасыларыңызға бақ пен береке, шаңырақтарыңызға шаттық тілеймін!

*Университет ректоры Б.С.Абдрасилов*

# ЕВРОПА ОДАҒЫНА МҮШЕ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ЕЛШІЛЕРІ КЕЛДІ

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне Қазақстан Республикасындағы Европа Одағының өкілдігінің басшысы, өкілетті және төтенше елшісі Свен-Олов Карлсон бастаған Қазақстандағы Чехия, Хорватия, Финляндия, Румыня, Австрия, Словокия, Германия мемлекеттерінің елшілері сапармен келді.**



Кездесу барысында қонақтарға оқу орнымыздың жетістіктері мен даму жоспарлары таныстырылды. Сонымен қатар, Евроодақ тәжірибесі негізінде университетіміздің аясында Орта Азиядағы университеттерді трансформациялау Хабын құру, университетіміз бен Евроодақ жетекші ғылыми-зерттеу институттары арасында археология бағыты бойынша әріптестік орнату, Ежелгі қауым тұрақтарын анықтау мақсатында Қазақстанның Оңтүстік аймағында орналасқан қола дәуірінің ескерткіштерін зерттеу, медициналық білім саласын Евроодақтың озық тәжірибесі негізінде модернизациялау жобалары талқыланды.

Сонымен қатар, елшілер оқу орнымыздың музейімен танысып, студенттерімен дөңгелек үстел басында Ambassadors Café форматында интерактивті дискуссия өткізді.

Қазақстан Республикасындағы Евроодақ өкілдігінің басшысы, өкілетті және төтенше елшісі Свен-Олов Карлсон:

— Бүгін Түркістан қаласының өте қарқынды дамып келе жатқандығын көрдік. Түркістанды тарихи және заманауи үлгідегі ғимараттарды өзіне топтастырған қала ретінде танидық. Сонымен қатар, Қазақстан мен түрік мемлекеттерінің қарым-қатынастары нәтижесінде құрылған Халықаралық университеттің ұжымымен таныстық. Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің студенттерімен кездесіп, сұқбаттасқанымызға қуаныштымыз. Біз үшін тәжірибе болды. Европа елдерінің оқу орындарының студенттері Түркістанда білім алуына мүмкіндіктерді қарастыру жағы жүзеге асырылатын болады. Сонымен қатар, студенттермен өткен кездесу қызықты өтті. Студенттер диалогқа ашық және білімге құштар жастар екендігін көрсетті. Жастарға тілегім, білім жолында алға қойған мақсаттарына жете берсін! — деп пікірімен бөлісті.

Қонақтарға халқымыздың дәстүрі бойынша шапан жабылып, құрмет көрсетілді.



**Ақпарат орталығы**

# АЛҚАЛЫ АНАЛАР МАРАПАТТАЛДЫ

**Оқу ордамызда 8-наурыз Халықаралық әйелдер күнініне орай мерекелік жиын өтті. Мерекелік жиында университет ректоры Б.Абдрасилов университет қызметкерлері арасында алтын, күміс алқа иегерлері мен ардагер-ұстаздарды 8-наурыз көктем мерекесімен құттықтап, сыйлықтар тапсырды.**

**Қазіргі қоғамда әйел тек отбасының береке-бірлігін ойлайтын тұлға ғана емес, ол мемлекеттік, өмірге және саяси мәселелерге белсене араласатын қоғам мүшесі. Көктеммен ілесе келетін мереке күнімен ардақты ұстаз-аналар мен аруларды шын жүректен құттықтаймыз!**





## ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ ДӘРІС



**Оқу ордамыздың студенттері мен магистрант, докторанттарына Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының иегері, академик Оразалы Сәбден Ұлы Абайдың 175 жылдығына байланысты «Абай ілімін іске асыру туралы ойлар» атты тақырыпта дәріс оқыды.**

Кездесуде ғалым «Абай, Қазақстанның болашағы және әлемдік цивилизация» атты кітабымен таныстырды. Бұл кітапта ғалымның жаңа әлемдік өркениетке өтуге арналған концептуалды идеялары мен жобалары берілген. Оразалы Сәбден жастарға қазіргі таңда еліміздің болашағы үшін жаңа идеялар мен тың жобалар туралы нақтылып айтып өтті. Сонымен қатар, қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың өлең шумақтарын келтіре отырып, оның әрбір жыр шумағы жастарға ақыл-кеңес, жол көрсетер бағыт және болашаққа қадам бастауға ең қажетті сөздер екенін насихаттады. О.Сәбден XXI ғасырдағы моральдік қатынастың қағидаттарын атап көрсетті. Кездесу барысында жас ғалымдарымыз әртүрлі тақырыптарда сұрақтар қойып, пікір алмасты. Университетіміздің оқу істері жөніндегі вице-президенті Ө.Үмбетов жастармен өткізген маңызды сұхбаты үшін алғысын айтып, жиынды қорытындылады.

Ақпарат орталығы

## ПСИХОЛОГТАР БІЛІМІН ЖЕТІЛДІРДІ

**Оқу ордамызда «Жасөспірімдердің өзіне қол жұмсау әрекеттерінің алдын алу» атты 76 сағаттық тәжірибеге бағытталған Түркістан қаласы бойынша мектеп директорларының тәрбие жөніндегі орынбасарлары мен психологтарына арналған пилоттық жоба аясындағы курс аяқталып, қатысушыларға сертификат табысталды.**

Салтанатты шараға университет ректоры Б.Абдрасилов, ғылыми-зерттеу істері жөніндегі вице-президент Қ.Беркімбаев, Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының басшысы Р.Жолаев, Түркістан облыстық прокурорының бірінші орынбасары А.Пашаев қатысты.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректоры Болатбек Абдрасилов:

- Мектеп жасындағы балалардың, жастардың өз-өздеріне қол жұмсауы, суицидке баруы өте күрделі жағдай. Осындай келеңсіз оқиғалардың алдын алу үшін мамандармен көп ақылдасып, осындай семинар-тренинг өткізуді қолға алдық. Біздің бұл ұсынысымызға Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасы мен облыстық прокуратура қолдау көрсетті. Талант Қалдыбекұлының дәрісіне қатысқан мамандар алған білімдеріңізді тәжірибеде қолданатын боласыздар. Түркістанда суицид жағдайларын алдын алу шараларын ұйымдастырады деп сенеміз. Жұмыстарыңызға сәттілік тілеймін! - деп сөзін аяқтады.

## ОҚЫТУШЫЛАРЫМЫЗ «ҮЗДІК» АТАНДЫ




**Қазақстанның жоғары оқу орындары профессор-оқытушылар құрамының педагогикалық және ғылыми шеберлігін саралайтын дәстүрлі байқауға еліміздің тәжірибелі ұстаздары құжат ұсынып, нәтижесінде университетімізден 6 оқытушы 2019 жылдың «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» конкурсы жеңімпаздарының қатарынан табылды.**

Атап айтсақ, «Экология және химия» кафедрасының профессоры Әбділда Тұрсынханұлы Мейірбеков, «Зертханалық пәндер» кафедрасының доценті Айжан Көмекбайқызы Мамырбекова, «Математика» кафедрасының доценті Күлзина Жаркымбекқызы Назарова, «Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру» бөлімінің басшысы, «Қоғамдық ғылымдар» кафедрасының профессоры Алена Юлдашқызы Балтабаева, «Инженерия» факультетінің деканы PhD Нұрбек Пажарбекұлы Сапарходжаев, Биология кафедрасы PhD Нұрдана Нұртайқызы Салыбекова университет мақтанышына айналып отыр.

Бұл грант жоғары оқу орындарының оқытушыларына әлемнің жетекші университеттерінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге және біліктілікті арттыру мақсатында тағылымдамадан өтуге мүмкіндік береді.

## ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ҚАЛАНЫ КӨГАЛДАНДЫРУ ҚАНШАЛЫҚТЫ ЖҮРІП ЖАТЫР?

Түркістан қаласы бойынша қаланы көгалдандыру қаншалықты жүріп жатыр?

Көгалдандыру жобасында қандай істер атқарылып жатыр? Көгалдандыру жобасының пайдасы? Бүгін біз осы сұрақтарға жауап іздейтін боламыз. Өздеріңіз білетіндей қазіргі кезде Түркістан қаласы облыс орталығы болғалы атқарылып жатқан істер де аз емес. Солардың бірі қаланы жасылдандыру саясаты.

Көгалдандыру - қала, ауыл, тағы басқа елді-мекендерде ауаны тазарту, көлеңкелеу үшін ағаш, бұта, гүл, көгал өсіру. Құрылыс аяқталғаннан кейін жүргізілетін көгалдандыру жұмыстары мекенжайларға әсем көрініс береді, шудан, күннен, шаңнан т.б қорғайды, санитарлық-гигиеналық рөл атқарады.

Ғылыми деректер бойынша белгілі бір аймақтың 15%-ы көгалдандырылса, шаң-тозаңның мөлшері 20%-ға кемиді, 35%-ға өсімдік өсірілсе, шаң 50%-ға азаяды, ал 65%-ға өсірілсе, шаң 95%-ға кемиді.

Көгалдандыру деп кез келген ағаш бұталарын егу емес, әр жердің өзіне тікелей байланысты егетін ағаш бұталары болады. Бұл дегеніміз көркемдік ағаштар, көлеңкелік, жол жиегіне тағы басқа арнайы ағаш бұталарын егу. Қазіргі таңда Түркістан қаласында қаланы жасылдандыру жобасы қарқынды жүріп жатыр. Көгалдандыру жобасына сәйкес, биыл 180 мың түп көшет егу жоспарланып, бүгінгі күнге 130 мың данасы егілді. Облыс орталығын көркейту жұмыстары ары қарай да жалғасын таппақ. Жоспарға сәйкес, 2020 жылы қала ішіне 250мың түп түрлі көшеттер егіледі. Қала сыртынан құрылатын Жасыл белдеуге 2019 - 2022 жылдары - 7700 га аумаққа 3,5 млн түп, оның ішінде 2019 жылы 2300 гектарға 628 мың дана, 2020 жылы 2400 гектарға 1 млн дана, 2021-2022 жылдары 3000 гектарға 1,9 млн дана түп әртүрлі көшет егу жоспарланған.

Жол жиегіне, саябақтарға, жаңа ғимараттар айналасына арнайы ағаштар, гүлдер егілуде. Жасыл желекті егіп қана коймай оған суару жүйелерін қатар жүргізіп жатыр. Суару жүйесі жаңа технологиялар аясында жүріп жатыр, яғни қаламызды көгалдандыру жүйесі оң және тиімді даму үстінде. Жасыл желекті суару тек сол суаратын жерлерге байланысты артық суды кетірмей арнайы суару жүйесі жүргізіліп жатыр. Біздің аймақ шөлді, құрғақ аймақ болғандықтан шырша ағашы көптеп егілуде. Естуімізше шырша жаңбыр шақырады. Сондықтан болашақта табиғаты керемет жасыл желекті аймаққа айналамыз деп нығым айтуымызға болады.

**Файз БЕКБОЛАТ**
**Мемлекеттік басқару және экономика жоғары мектебі.**
**Мемлекеттік және жергілікті басқару мамандығының 3-курс студенті**

## СУ - ТІРШІЛІК КӨЗІ

Су табиғаттың бізге жіберген сыйы. Су болмаса біз өмір сүре алмаймыз. Сусыз тіршілік жок деп бекер айтпайды ғой. Сондықтанда суды қадір тұтып, қастерлеуіміз керек. Су ресурстарын тиімді пайдалану ғаламшарымыздың басты мәселесіне айналып келеді.

Түркістан облысы жерінің оңтүстігінен солтүстік - батысына қарай Сырдария өзені ағып өтеді. Каратау жотасынан басталатын Бөген, Шаян, Арыстанды, Көксарай, Байылдыр және т.б өзендері облыс орталығын сумен қамтамасыз етеді. Облыс көлдері негізінен таяз және тұзды, көктемде суы толып, жазда суы тартылады.

Түркістан облысындағы су тапшылығы Арыс – Түркістан каналындағы судың жетіспеушілігі, Кентау қаласы маңындағы Жібек жолы ауылдық округінде су жетіспеушілік салдарына жердің көп бөлігі игерілмей қалған. Түркістан облысында егіс алқаптарындағы су тапшылығы мәселесінің шешілуі шаруа қожалықтарының шығындарын төмендетті. Қазір Арыс – Түркістан каналынан су пайдаланатын шаруа қожалықтарының шығындары біріктіріліп, нәтижесінде шаруаларды су тұтыну шығынын екі есеге азайтты. Олардың өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік берді. Күнделікті қолданып жүрген суымыз қарапайым әрі қажетсіз болып көрінуі мүмкін, дегенмен оның да сұрауы бар. Сондықтан оны тиімді пайдалану бүгінгі күннің талабы.

**Ойбек Салиев**
**Мемлекеттік басқару және экономика жоғары мектебі.**
**Мемлекеттік және жергілікті басқару мамандығының 3-курс студенті**

## «YASSAWI SMARTTECH» IT ЖОБАЛАР БАЙҚАУЫ

**Ақпан айының 28-29 аралығында Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде Кентау институты Инженерия факультетінің ұйымдастыруымен Облыстық ақпараттандыру, мемлекеттік қызмет көрсету және мұрағаттар басқармасымен бірлесіп «Қазақстанныңжоғарыоқуорындарының студенттері арасында бағдарламалық өнімдерді әзірлеу бойынша «Yassawi SmartTech» IT жобалар байқауы өтті.**

Байқаудың мақсаты — IT технологиялар арқылы жаңа бағдарламаларды шешудің жаңа және бірегей жолдарын әзірлеу, жастардың білімі мен сараптамасын шоғырландыру.

«Yassawi SmartTech» IT жобалар байқауына Болашақ университеті (Қызылорда қ.) Silkway Университеті мен Халықаралық гуманитарлық-техникалық университеті (Шымкент қ.), Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті (Семей қ.), Қазақ технология және бизнес университеті, Қорқыт ата атындағы ҚМУ, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Мирас университеті, С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Х.Досмұханбетов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеттерінің студенттері қатысты.

Университетімізге қарасты Кентау институтының Инженерия факультетінде 2 кезең бойынша бақ сынаған 15 жоғары оқу орындары арасындағы сайыстың бас жүлдесіне С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті ие болды. Екі күн бойы жоба әзірлеген командалар өз білімдерін сайыстың екінші күні көрсетті. Байқауды қорытындылау кешінде Алматы қаласындағы Incraft компаниясынан келген маман 6 ай тегін тағылымдамадан өту мүмкіндігіне лайықты деп С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университет командасин таңдады. Сайысқа қатысушы өзге командалар бағалы сыйлықтармен марапатталды.

**ЯУ ақпарат**




## ВОЛЕЙБОЛДАН СТУДЕНТТЕР ЛИГАСЫ ӨТТІ

**Оқу орнымыздың Спорттық сауықтыру орталығында Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі «Ұлттық ғылыми практикалық дене тәрбиесі орталығының бастамасымен, университетіміздің ұйымдастыруымен тұңғыш рет Волейболдан ерлер арасында Қазақстан Студенттер лигасы өтті.**



Бұл спорттық сайыс «Болашаққа бағдар: «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында және Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың 2020 жылды «Еріктілер жылы» деп жариялауын қолдау мақсатында ұйымдастырылып отыр. Жарыстың мақсаты — студенттер арасында волейболды дамыту, студенттер құрамасын анықтау, жоғары оқу орындарының спорт клубтары арасындағы серіктестікті дамыту және байланыстарды анықтау. Жиынға Қазақстан Республикасының Білім және ғылымы министрлігі «Ұлттық ғылыми практикалық дене тәрбиесі орталығының бас директоры Садық Шоңмұрынұлы Мұстафаев, Түркістан облыстық спорт басқармасының өкілдерін мен спорт жанашырлары, оқу орнымыздың спортшылары қатысты.

Университет ректоры Б.Абдрасилов бүгінгі спорттық сайыстың маңыздылығы мен ерекшелігіне тоқталды. Жалпы баскетбол мен волейбол жастардың ойыны. Осындай спорттық жарыстар жоғары оқу орындарының спорт клубтары арасындағы серіктестікті дамытуға және студенттер арасында салауатты өмір салтын қалыптастыруда маңызы зор екендігін атап өтті. Университетімізге еліміздің барлық аймақтарынан келген спортшы жастарға сәттілік тіледі.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылымы министрлігі «Ұлттық ғылыми практикалық дене тәрбиесі орталығының бас директоры Садық Шоңмұрынұлы Мұстафаев студенттер арасында алғашқы рет волейбол лигасының болашағы зор екендігін айтты. Ел Президентінің тапсырмасы бойынша бұқаралық спортты дамыту, жастар арасында көптеген спорттық шараларды ұйымдастыру мақсатында басталған іс шаралардың бастамасы екенін және болашақта осындай спорттық жарыстар қыздар арасында да өткізілетіндігін жеткізді. Түркістан облысының спорт жанашырларына және Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ ұжымына ризашылығын білдіріп, Білім және ғылым министрлігі тарапынан студенттер лигасының дамуына жұмыстар жүргізілетіндігін айтты.

Жарысқа Қазақстанның жоғары оқу орындары арасынан Д.Серікбаев атындағы ШҚТМУ (Өскемен қ.), Қызылорда қаласынан Қорқыт ата ҚМУ, Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ (Түркістан қ.), Silkway Халықаралық университеті (Шымкент қ.), Абай атындағы ҚазҰПУ (Алматы қ.) командалары қатысқан болатын. Жарыс тартысты өтті. Волейболдан ерлер арасында Қазақстан Студенттер лигасының алғашқы айналымындағы ойын нәтижесі бойынша Қ.Ясауи атындағы ХҚТУ командасы І орын, Қорқыт ата атындағы ҚМУ (Қызылорда қ.) ІІ орын, Д.Серікбаев атындағы ШҚТМУ (Өскемен қ.) командасы ІІІ орынды иеленді. Қазақстан Студенттер лигасының келесі айналымы Өскемен қаласында наурыз айының 9-16 аралығында өтетін болады.

**ЯУ Ақпарат**

АБАЙҒА 175 ЖЫЛ

*Абай – 175

# АБАЙ ӘЛЕМІ – ТҰҢҒИЫҚ ӘЛЕМ

**Университетімізде студенттердің ғылыми жобамен, зерттеу жұмыстарымен айналысуы жан-жақты дамыған, бірізділік жолға қойылған десе болады. Ғалым-ұстаздар 1-курстан шәкірттерін ғылыми зерттеу жұмыстарымен айналысуға, зерттеуге баулиды. Сондай ұстаздарымыздың бірі тарих ғылымдарының кандидаты, ХҚТУ доценті Гүлжамал Төлегенқызы Жораева. Ғалым Медицина факультетінің 1-курс студенті Ғазиза Қыдырбекті Абай әлемін танып білуіне, қалам тартуына жол сілтеуші жетекші.**



Ұлт мақтанышы халықтың ұлы перзенті Абай Құнанбайұлының туылғанына биыл 175 жыл толды. Абай Құнанбайұлы ғұлама, ойшыл, ақын, ағартушы ұлттың жазба әдебиетінің негізін қалаушы, аудармашы, композитор ретінде ел тарихында өшпес із қалдырған ұлы тұлға.

Биыл ерекше айтулы жыл. Елдігіміз бен руханиятымыз үшін аса маңызды, мемлекеттік қана емес халықаралық деңгейде жауапкершілігі мол міндет көзделіп отыр. Соған байланысты президент Қ.Тоқаев халқымыздың ұлы перзентінің мерей тойын лайықты атап өту үшін арнаулы құрылған комиссия дайындық жұмыстарын бастап, кеткендігін мемлекет көлемінде және халықаралық деңгейде ауқымды іс шаралар ұйымдастыру жоспарланып отырғандығын, бірақ мұның бәрі той тойлау үшін емес, ой-өрісімізді кеңейтіп рухани тұрғыдан дамуымыз үшін өткізілмек екендігін айрықша айтып өтті.

Президент Қ.Тоқаев өз мақаласында «Абайды тану - адамның өзін өзі тануы. Адамның өзін өзі тануы және үнемі дамып отыруы ғылымға, білімге басымдылық беруі кемелдіктің көрінісі. Интеллектуалды ұлт дегенімізде өзі осыған орай Абай сөзі ұрпақтың бағыт алатын темірқазығына айналуы қажет» деп жазды

Абай қазақ әдебиеті тарихында тұңғыш рет өз заманында халықты толғандырған қоғамдық және саяси өмір проблемаларын күн тәртібіне қойды. Оның өлеңдері қарапайымдылығымен табиғилығымен ойға, сезімге ұялайды. Біз Абайды өлеңдерінен танидық.

Ең алдымен «Абайды ұлтымыздың мәдени капиталы ретінде насихаттаумыз керек» деген мемлекет басшысының ойлары осы тұста құптарлы.

Абай қазақтың басына біткен тұлға. Осыдан ширек ғасырлар бұрын елбасы Н.Назарбаевтің басшылығымен ұлы ақынның 150 жылдығы атап өтілген еді. Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойын атап өту туралы жарлыққа президент Қ.Тоқаев 2019 жылы тамыз айында қол қойған.

Абай өз заманының қайшылықтарын шешуге де бағыт берген биік тұлға. Ақынның адамгершілік мұраттары тек өлеңдерінде ғана емес қара сөздерінде де терең философиялық толғаныспен көрініс тапқан.

Күн артынан күн туар,
Бір күн дамыл еткізбес.
Ой артынан ой туар,
Желге мінсең жеткізбес, – деп, жырлаған Абай Құнанбайұлының қазірде адам баласына рухани азық бола білген жас ұрпақтың санасына кереметтей ой салатын 45 қара сөзі бар.

Абайдың атын құрметтеп ескерткіштер орнатылған. Көшелер, саябақтар, алаңдар және оқу орындары Абай атымен аталған. Әлем бойынша 30 көше, 29 қала мен ауыл ұлы ақын есімімен, ал өз қалаларымызда Абай атамызға арналған 6 мемлекеттік ескерткіш бар.

Абайдың өлеңдері мен қара сөздері жастарды азаматтық рухта тәрбиелеуге, өз елін құрметтеп, патриоттық сезімді орнықтыруға және интеллектуалды ұлт қалыптастыруға шақырды. Мен өз мақаламда айтып кеткендей: Ақынның өлеңдері өзінің қарапайымдылығымен,табиғилығымен ойға сезімге ұялайды. Оның бір дәлелі жылына 12,5 млн рет интернет қолданушылары Абай туралы ақпараттарды іздейді екен.

«Абай сөзі ұрпақтың бағыт алатын темірқазығына айналуы қажет», – деген Қ.Тоқаев тұжырымын бүгінгі және келер ұрпақтың санасына берік орнығуға тиіс аталы сөз деп білемін.

Биыл ерекше жыл. Бұл ел тарихында өшпес із қалдырған ұлы ойшылдың рухын асқақтату үшін қолға алынған игі бастама. Бұл мерейтой егемен еліміздің еңсесін тіктеуге, ұлт санасын оятуға зор үлес қоспақ.

Ия, шынында ақын атамыз ұлт болашағы үшін батылдық пен шыншылдыққа толы өлеңдерін, рухани азық бола алатын қара сөздерін өз жерінің ұрпақтары өзге ел шығармаларын танып білуі үшін аудармалар жазып қалдырды.

2019 жылы жастар жылы болды. Абай атамыз 59 жыл өмір сүрседе сол аз жылдың өзінде керемет жетістіктерге жете білді, өзінің бар ғұмырын ғылымға, білімге, еңбекке арнады. Бірақ, ол өзінің білімнен кенде қалғандығын, біздер яғни жастар жасынан ғылым мен білімнің қадырын түсіну керектігін, одан әрі білімдерін жетілдіруіне ой тастады. Қай жаста болмасын білім ғылымның керектігін тайға таңба басқандай:

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім.
Ер жеткен соң түспеді уысыма,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім, – деп өзіне көңілі толмай өзінен кейінгі жастардың жеткілікті білім алуын, жақсы жетістікке жетуін қалды.

«Қазақ жазушыларынан әрине, Абайды сүйемін. Менің бала күнімнен ішкен асым, алған нәрімнің барлығы да – Абайдан», – деп жазған М.Әуезов Абай Құнанбайұлы туралы көлемді туындысын жарыққа шығарды.

«Қазақтың классикалық әдебиетінің атасы, қазақ поэзиясының күншуақты асқар биігі» – деп М.Әуезов Абайды шын үлгі тұтатындығые керемет ойларымен пікірлерімен білдірді.

Мен Абай атамыздың «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тапта, бар қалан» деген қанатты сөзін әрқашан жадымда ұстап көп оқып, ізденуге, өмірден өз орнымды табуға алғаш оқыған күннен бастап бел байлағанмын.

Абай атамыздың, еңбекқорлық, төзімділік және батылдық қасиеттерін өзіме жолдас етіп тарихта қаларлық тұлға боламын деп сенемін айта аламын. Себебі мен өте ақылды, дана да дара ұлы ақыны бар қазақ халқының бақытты ұрпағымын. Абайдың өнегелі өсиетін дәріптеу бүгінгі ұрпақтың қасиетті парызы және баршамызға рухани азық бола алатын асыл мұра.

Ғазиза ҚЫДЫРБЕК,
1-курс студенті

# АБАЙ ТУРАЛЫ ОЙ




Қазақты Абайдан артық сынап, Абайдан асып, кемшілігін тап басып айтқан жан жоқтың қасы. Айтсадағы, өз қандасына өшігіп, сүрінген сәтін пайдасына жаратқандар мен аз қазақты айлашарғымен ыдыратқысы келетін сыртқы күштер ғана. Апайтөс даласында алшаң басқан Алаш баласының күллі тіршілігі мен салт-дәстүрін, бүтін тарихын, кем-кетігін қара өлеңмен түгендеген жандар болса, солардың арасындағы шоқтығы биігі - Абай. Күш керуенінде иық тірестіруші Батыс пен Шығыстың арасын жайлаған жері кең, саны аз момын жұртты қара сөзге де, өлең сөзге де арқау етуі, ақынның ел ішіндегі бірді-екілі басбұзарларға қапаланғанынан емес, шетсіз-шексіз даланың әр қиырын мекендеген халқымызға заманның бетбұрысын нұсқауынан туған шер болатын.

Кейде төрткүл дүниедегі өзгерістердің бірінің болсын исі мұрнына бармайтын, құр даңқ пен малға қырықпышақ болған, қомағай жамағайынынан көңілі қалса, бірде дала заңына бағынып, бойындағы ер рухы мен тектілігін жоғалтпаған жұртына сүйінеді, әрі қайран қалады. Бүкіл тіршілігі табиғатпен байланысып, көшпелі тұрмыс салтымен біте қайнасқан қазақ жұртының желкенін желге ілестіру - Абайдың ең асқақ мақсат-мүддесі еді. Өзі айтқандай «Баласын медресеге біл деп берді, Шен алсын, қызмет қылсын деп бермеді». Қазақтың бұқарасын тым жабайы, тым қараңғы, беделсіз де тұрақсыз көретін сырт көздер алтын шыққан жерді белден қазуды көздеді. Әйткенмен, өз жауһарымызбен қоса, жасынан Шығыс пен Батыстың ғылымы мен мәдениетін қатар меңгерген хакім Абай қазақ баласының есепсіз мал жиғанын емес, оқу мен өнерге ден қойғанын қалады. Сол жолда ұлдары мен немере інілерін оқытты, заманның тұрпатын күн ілгері болжап, ұлт тұрмысының кемшін тұстарын жалпақ жұртқа өлеңмен жеткізді. Данагөй ақын өзінен кейінгі қазақ поэзиясының өкілдеріне де жарқын үлгі ретінде көрінді. Бұл оның өлеңдерінің қазақ поэзиясының төл табиғатынан ажырамай, бір естігенде-ақ көңілге қона кетіп, ойға ұялайтындығынан болса керек.

Қалай десекте, Абай - XX ғасырдағы қазақ ағартушылығы мен ұлт поэзиясының маңдайына біткен алтынға бергісіз тұлға болды. Өлеңдері өмершеңдігін жоғалтпаған ақынның есімі де ел жадында мәңгі сақталары анық.

**Бақдаулет АНАРБАЙ**
**3-курс студенті**

## КӨЗІМНІҢ ҚАРАСЫ

**Көзімнің қарасы,**
**Көңілімнің санасы.**
**Бітпейді іштегі**
**Ғашықтық жарасы.**

**Қазақтың данасы,**
**Жасы үлкен ағасы.**
**«Бар» демес сендей бір**
**Адамның баласы.**

**Жылайын, жырлайын**
**Ағызып көз майын**
**Айтуға келгенде**
**Қалқама сөз дайын.**

**Жүректен қозғайын,**
**Әдептен озбайын.**
**Өзі де білмей ме.**
**Көп сөйлеп созбайын.**



Нұрланбекова Рая Баетбайқызы

# «АДАМНЫҢ АДАМГЕРШІЛІГІ ЖАҚСЫ ҰСТАЗДАН»

Қазақ халқы ұстазын сыйлап, құрметтеген ел. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» деп адамға қарап, ұстазын таныған. Білім беру саласында әйелдердің үлесі жоғары. Қазір әйелдерді тек ұстаздықта ғана емес, барлық саладан көруге болады. «Әйел бір қолымен бесікті тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді» деген сөздің мәнісі де осында шығар. Осындай құрметті ұстаздарымыздың бірі – Рая Баетбайқызы. Жас маман 1978 жылы Қазақ Ұлттық университетін бітіріп жолдамамен Шымкент Қазақ химия-технологиялық институтында «Қазақстан тарихы» кафедрасында оқытушы болып қызметке тұрады. 1996 жылы Ахмет Ясауи Халықаралық қазақ-түрік университетінің шақыртуымен ауысып келеді. Содан бері 25 жылға жуық білімгерлерге ұстаздық етіп келеді. Осы уақыт аралығында 100-ден астам ғылыми мақалалары мен оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар, оқу бағдарламалық нұсқаулықтары жарық көрді. Қазіргі таңда қоғамдық жұмыстарға да белсене араласады. «Ардагерлер кеңесінің» мүшесі. «Әйелдер кеңесінің» мүшесі, «Әжелер алқасының» мүшесі. Ұстаздық жылдарында «Ұлағатты ұстаз», университетіміздің 25 жылдығы төс белгілері мен алғыс хаттар, құрмет грамоталармен марапатталған. Әрине бұл марапат қағаздар педагогика саласында үздіксіз 42 жыл жұмыс атқарған Рая апайдың еңбегін толық көрсетпесі анық. «Адамның адамгершілігі жақсы ұстаздан» – деп Абай атамыз айтқандай ұстаздың басты міндеті жақсы адам тәрбиелеу. Білім берген шәкірттері ұстаздың жемісі деуге болады. Қаншама шәкірттері ғылым кандидаттары, PhG докторлары атанып, түрлі салада қызмет атқаруда. Ардагер ұстаз, ардақты ана Рая Баетбайқызы ұжым арасында тәжірибелі ұстаз ретінде көпке үлгі.

Ұстаз деген кім? Ұстаз – шәкірттерін білім нәрімен сусындататын адам. Ұстаз болу — екінің бірінің қолынан келмес, әрі аса үлкен жауапкершілікті қажет ететін жұмыс. Себебі, маман болып шығатын жас түлектердің болашағына жауапты.

Құрметті Рая Баетқызы, ұстаздар мен университет арулары, Сіздерді 8 наурыз халықаралық Әйелдер күнімен құттықтаймын!

Көркем АДЫРБЕКОВА



Балғабаева Айткуль Нурмаханбетқызы

# ТӘЖІРИБЕЛІ МАМАН ЖӘНЕ «КҮМІС АЛҚА ИЕГЕРІ»

